



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 15 қыркүйек

2017 жылғы тамыздағы инфляциялық процестер және инфляциялық күтулер туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша тамызда инфляция айлық көрсеткіш бойынша 0,1% болды. Жинақталған инфляция 8 айда 3,9% деңгейінде қалыптасты және өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен төмен күйде (5,4%) қалды.

Жылдық инфляция тамызда 7%-ға дейін баяулады және Ұлттық Банктің 2017 жылға арналған нысаналы дәлізінің ортасында 6-8% болып отыр. Инфляцияның баяулауы көбінесе азық-түлік тауарлары, оның ішінде жеміс-көкөніс өнімі бағаларының төмендеуіне негізделді. Бұл ретте, өткен жылға қарағанда, аталған санат бағаларының елеулі маусымдық құлдырауына қарамастан, ауытқу қарқындары тауарлар бойынша тепе-тең емес деңгейде қалып отыр.

Базалық инфляция¹ көрсеткіші жылдық көрсетуде 6,7% деңгейінде сақталды.

Тамызда жүргізілген пікіртерімнің нәтижесі респонденттердің жауаптарын бөлуде кейбір құбылулармен халықтың қысқа мерзімді болашақтағы инфляциялық күтулерінің тұрақтылығын көрсетеді.


Соңғы ай көлемінде бағалардың өсуін атап өткендердің ішінде оны қатты өскен деп бағалаушылардың үлесі азайды (33%-дан 29%-ға дейін). Соңғы 12 ай ішінде халықтың инфляцияны қабылдауында бағаның өсуін неғұрлым баяу деп бағалайтындардың үлесі артты.

Келесі айда бағаның өсуі бойынша күтулер қалыпты сипатқа ие (респонденттердің 46%-ы), ал бағалардың өзгеруі бойынша өсу қарқыны таяу жылы ағымдағы деңгейде сақталады деп болжанып отыр (жауаптардағы үлесі – 38%).

2017 жылғы тамызда «Сіздің ойыңызша, келесі 12 ай ішінде бағалар жалпы қалай өзгереді?» деген сауалға берілген жауаптарға сәйкес бір жылға бұрын есептелген инфляцияның сандық бағалауы (инфляциялық күтулер), 2018 жылға арналған нысаналы дәліздің ішінде болуын жалғастырады (5-7%) және 6,5%-ды құрайды.


¹ жеміс-жидек пен көкөніс, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, темір жол көлігі, байланыс, бензин, дизель отыны және көмір бағаларын есептемегенде

Инфляция және базалық инфляция



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz